

Имамжанова Маърифат Сабиржановна

*Silkway Халықаралық университеті Педагогикалық факультетінің 2 курс
магистранты, п.ғ.к., профессор Кенжебекова Р.И.
Шымкент, Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір тұлғаның зерттеу және шығармашылық құзыреттіліктерін дамыту мүмкіндіктерін көздейтіні айтылған.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетіне қазіргі мектеп бағдарламаларында маңызды орын берілген. Мұның себебі, біздің ойымызша, баланың оқу-танымдық қабілетін ашуда, білім мен тәрбие құндылықтарын үйлесімді жүйеде меңгерген тұлға етіп қалыптастыруда зерттеушілік іс-әрекеттің баға жетпес қуатты құрал болуында. Өйткені, оқу-танымдық үдерісте оқушының өзі ғалымдардың жаңалық ашу логикасын мұғалімнің ұйымдастыруымен жүре отырып өз басынан кешіріп, солай жүргізілетін зерттеушілік іс-әрекет барысында өзінің бойындағы тылсым жатқан танымдық қабілеттерінің де ашылуына жол ашады.

Ш.Т. Таубаева зерттеушілік іс-әрекетке түрлі құбылыстарды тануға деген белсенді зерттеушілік қатынас, түрлі зерттеу мақсатын қоюдағы өздігінен жататыны жайында жазса, А.Е.Әбілқасымова өз зерттеуінде білім алушылардың оқу-танымдық, шығармашылық әрекеттерін олардың өзбетінше білім алудағы танымдық белсенділіктерін дамыту арқылы олардың пәнге деген қызығушылық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, тәрбиелеумен байланысты екендігі жөнінде маңызды пікірлер айтқан. Ү.Б. Жексенбаева: «Оқушының зерттеушілік әрекеті, зерттеушілік әдеби тұлғаны толық қамтитын күрделі кіріктірілген білімі болып табылады», – дей келе, осы екеуінен «зерттеушілік оқыту әдісі» пайда болатынын жазады. «Зерттеушілік оқыту – баланың қоршаған ортасын өз бетінше

танып білуге деген ынтасы негізінде құрылған оқытудың негізгі тәсілі. Оның мақсаты – оқушының адамзаттық мәдениеттің қай саласында болмасын, өз бетімен шығармашылық жаңа іс-әрекет тәсілдерін игеруге дайындығы мен қабілетін қалыптастыру», – деген пікір айтады.

Зерттеу – жаңа білім алу үдерісі болса, іс-әрекетке қатысты алғанда «зерттеушілік» ұғымы – іс-әрекеттің зерттеушілік сипатын білдіреді. Зерттеушілік іс-әрекеттің жоғары дәрежеде орындалуы шығармашылықты білдіреді.

Б.А. Тұрғынбаева: «шығармашылық іс-әрекет дегеніміз – тұлғаның шығармашылық міндеттерді өз бетінше шешуі: білім, білік, дағдыны жаңа жағдайда тасымалдай алуы, белгіліден жаңа нәрсені көре білуі, объектінің жаңа қызметін байқай алуы, жаңа соны шешімдер қабылдауы. Субъектінің өзінің осы еңбегінің қанағаттануы, жағымды мотивация арқылы даралыққа ұмтылуы. Сол үшін шығармашылық әрекет өз кезегінде шығармашыл тұлға дамытудың, оның шығармашылық әлеуетін өзін дамытуының маңызды шарты әрі нәтижесі болып табылады» деген пікір айтса, Ә.С. Әмірова: «Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекеті дегеніміз – алған білімін өздігінен толықтырып, кеңейтетін, жоғары деңгейде ойлайтын, өзіндік идеясын жүзеге асыруда пікірі мен тұжырымын дәлелдей білетін, саналы түрде рефлексивті әрекетке түсе алатын, өзі үшін жаңа болып табылатын нәтижеге жете білу», – деп жазған. Бұл зерттеушілік іс-әрекет пен шығармашылық әрекеттің өзара түйісетін, жақын ұғымдар екендігін дәлелдей түседі. Зерттеушілік тапсырма оқушының жас және жеке ерекшеліктеріне, білім мазмұны көлемін ескере отырып іріктеледі. Шығармашылық тапсырмаларды ұсынуда да аталған талаптар ескеріледі. Бұл жөнінде Б.Қ. Қабатай: «шығармашылық тапсырмаларды іріктеуге қойылатын талаптар: шығармашылық тапсырмалардың бағдарламалық материалдардан асып кетпеуі, олардың танымдық сипатта болуы, оқушылардың дара ерекшеліктерінің ескерілуі, пәнге қызығушылығын арттыруы және т.б.» деп көрсеткен. Р.Қ. Қарсыбаева бастауыш сынып оқушыларының

шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру жетекші іс-әрекет арқылы жүзеге асып, жағымды психологиялық жағдай жасалып, шығармашылық ойлануына түрткі болатындай мүмкіндік туғызу, оның жаңа шешімдерін табу оқушының өзіндік танымдық түрткісін құрайтындығы жөнінде пікір қалдырған. Біз айтылған пікірлермен толықтай келісеміз, себебі оқушының шығармашылық іс-әрекеті үшін арнайы жасалынған қолайлы жағдайдың маңызы зор. Бұл зерттеушілік іс-әрекет үшін де қажет шарт екендігін білдіреді.

А.Ш. Байтукаева Қазақстандағы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының тарихына сипаттама беріп, зерттеу кезеңдерін, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының мазмұны мен формаларының ерекшеліктерін, ол үдерістің табысты дамуына әсер ететін факторларды анықтап, педагогикалық шарттарын көрсеткен.

Т.Б. Байназарованың: «Шығармашылық әрекет жолдары: мәселені көре білу, шешімдер жолдарын іздеу, икемділік, дербестік, шешу жолдарын таңдау немесе бейнелеудегі қайталанбастық», – деген пікірі зерттеушілік іс-әрекет пен шығармашылық іс-әрекеттің кезеңдеріне қарай өзара байланыстылығын көрсетеді.

«Жаңа білім алу процесі және танымдық әрекет түрлерінің бірі болып табылады», – делінген. Танымдық әрекет білім алу үшін қабылдаушылық және өзгертушілік сипатта болуы мүмкін. Қай жас кезеңіндегі орындалатын зерттеу жұмысын алып қарасақ та, барлығы да білім алушы үшін бұл зерттеудің ізденіске жетелейтін, өзі үшін жаңа білім алуға ұмтылдыратын маңыздағы әрекеті болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нуртаев Е.Р. Особенности мотивации учебно-исследовательской деятельности магистрантов. – Астана, 2013. – 138 с.
2. Акижанова М.М. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі студенттердің оқу мотивациясы мәселесі // Вестник КАСУ №1. – 2008. – №2.